

**«Университетті дамытудың приоритеттік бағыттары және университет ұжымының 2021-2022 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары туралы»
Ректор Ш. А. Құрманбаеваның баяндамасы бойынша
ҚАУЛЫ**

(Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №1 отырысы)

1. Университеттің стратегиялық жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз ете отырып, университет миссиясына сәйкес 2021-2022 оқу жылында университет ұжымының жұмысы бағалансын.

2. Университетті дамытудың 2022-2023 оқу жылына арналған басым бағыттарын анықтау:

1.1 ОӘЖ жөніндегі проректорға

- факультет декандарымен бірлесе отырып, 2022 жылдың 5 қазанына дейін университеттің студияларының, шеберханалары мен зертханаларының жұмысына Soft Skills, Hard skills және World Skills дағдыларын сіңіру бойынша қаланың мектептері мен колледждерінің оқушыларын тарту бойынша жұмыс жоспарын әзірленіп бекітілсін;

- факультет декандарымен және мониторинг және стратегиялық жоспарлау департаментінің басшысымен бірлесіп 2022 жылғы 10 қазанға дейін түлектерді жұмысқа орналастыруды талдау және жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін;

- 2022 жылғы 15 қазанға дейін университет факультеттерінде көптілді білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша ұсыныстар берілсін;

- 2022 жылғы 20 қазанға дейін 2022-2023 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын институционалдық аккредиттеу және мамандандырылған аккредиттеу жоспары бекітілсін.

2.2 Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректорға:

- АБУ қаржыландыратын ғылыми жобалар конкурсын ұйымдастыру үшін басшылық пен конкурстық құжаттама әзірленіп 25.10.2022 жылға дейінгі мерзімде бекіту үшін Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

- Тарих, Филология, Информатика бағыттары бойынша кафедра меңгерушілерімен бірлесіп университеттің диссертациялық кеңестерінде докторанттарды докторлық қорғау бойынша жұмысы жандандырылсын;

- 2022 жылғы 10 қарашаға дейін «АБУ ғылыми волонтерлігі» жобасын ұйымдастыру мүмкіндігі үшін талдау және қаржылық негіздеме берілсін.

- факультет декандарымен бірлесе отырып, ғылыми іс-шаралардың дәстүрлі формадан жаңашыл формаға көшу форматтары кеңейтілсін.

2.3 Университеттің ғылыми орталықтарының басшылары ғылым жөніндегі проректормен келісе отырып, 2022-2023 жылдарға арналған орталықтың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерінің тізбесін 25.10.2022 жылға дейін ғылыми кеңесті бекітуге дайындасын және ұсынсын.

2.4 Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға:

- факультет декандарымен бірлесіп 2022 жылғы 15 қазанға дейін білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру жоспарын ұсынсын;

- факультет декандарымен бірлесіп 2022 жылғы 1 қарашаға дейін бірлескен білім беру

бағдарламаларын іске асыру және білім беру бағдарламаларын ағылшын тілінде, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп іске асыру жөнінде ұсыныстары берілсін;

- профессор-оқытушылар құрамының халықаралық іс-шараларға, бағдарламаларға, шетелдік жоғары оқу орындарындағы шетелдік тағылымдамаларға қатысуы жандандырылсын.

2.5 Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға:

- Әлихан Бөкейхан есімін студенттік ортада танымал ету мақсатында 2022 жылғы 11 қазанға дейін іс шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту;

- 2022 жылғы 15 қазанға дейін "Тарих тағылымы" (Семей қаласының тарихын және өңірдің дамуына үлес қосқан жеке басын зерделеу)," қазақ мәдениетінің антологиясы " (ақындар, жырау, күйші шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерделеу)әлеуметтік жобаларын іске асыру жоспарын әзірлеу және бекіту;

- 2022 жылдың 20 қазанына дейін қала оқушылары арасында пікірсайыс турнирлерін өткізу жоспарын әзірлеу және бекіту;

- 2022 жылғы 10 қазанға дейін мектептер мен колледждердің студенттері мен оқушылары арасында стартап-жобалар конкурстарын өткізу жоспарын әзірлеу және бекіту.

2.6 Құқықтық мәселелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі проректорға:

- 2022-2023 оқу жылында студент жастар арасында парасаттылықты насихаттау үшін Студенттік парламентін құру;

- 2022 жылғы 1 қарашаға дейін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі аудит, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

- 2022 жылдың 20 қазанына дейін мектеп оқушылары мен колледж студенттерін Академиялық адалдық қағидаттарын ілгерілету бойынша ЖОО қызметіне тарту жоспарын әзірлеу және бекіту.

2.7 Корпоративтік даму және маркетинг жөніндегі проректорға 2022 жылдың 5 қазанына дейін университет сайтын мазмұнды жаңарту және навигацияны жетілдіру жөнінде ұсыныстар берсін.

3. Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.